Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.1, ч.1 – Б. 177-180

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУДЕ ЖОҒАРҒЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢА АРНА

Мураткызы А.

Қазақстан білім кеңістігінде қалыптасып жатқан осы заманғы білімнің перспективалық бағыттары әлемдік бағдар мен үндес келіп, іске асырылуда.

Қазіргі таңда білім берудің негізгі талаптарының бірі білімді үздіксіз жетілдіру және оқыту үрдісін интенсивтендіру болып табылады. Мұның нәтижесі білімдері терең және жоғары мәдениетті, ғылым мен техниканың жаңа жетістіктерін игерген азаматтарды тәрбиелеумен тығыз байланысты.

Бүгінгі заман ағамы болашақ ұрпақтың ой-өрісінің шыңдалуын, жеке тұлға ретінде қалыптасуын талап етуде.

Жас ұрпаққа өмірлік қажетті үш тіреу: Білім. Ғылым. Инновация.Инновациялы ойшыл мамандарды оқыту, тәрбиелеу және даярлауға ғылыми тұрғыдан жоғары дәрежеде қол жеткізу үшін интеллектуалды ұрпақты тәрбиелеп, интеллектуалды ұлт қалыптастыру болып табылады. Осы тұрғыда Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың білім саласын ерекше назарда ұстап, оны мемлекеттік даму саясатының өзегі деп қарауы да осының айғағы болып табылады. Елімізде білім беру жүйесін әлемдік стандарттаға сай етіп дамытудакөптеген жаңа идеялар іске асуда. Интеллектуалды капитал, еңбек адамы, инновациялық технологиялар мен инновациялық ойлау – қазіргі кезде жаңа дамыған өркениетті Қазақстанның басты және маңызды құндылығына айналып отыр.

Жоғарғы білім беру жүйесінің негізгі бастамшылық бағыты шетелдік және кеңестік ғылымдағы теориялық және әдіснамалық негіздерді қайтадан қарау, бағалау әрекеттерінің жүзеге асуы, сонымен қатар дуальдыоқыту жүйесі бойынша теорияны практикамен ұштастыру әрекеттерінің жүзеге асуы заңды құбылыс болып отырғаны соған айғақ болып табылады.

Егеменді елімізде болып жатқан іргелі өзгерістер мен қайта жаңғырулар біліммен тәрбие беру жүйесіне түбірлі өзгерістер мен мақсаттар әкелді. Ұлттық білім беру жүйесінің мақсаттары мен міндеттерін құруда айтулы жаңарулар жүріп жатыр.

Мұның өзі ұлттық білім беру жүйесінің даму бағыттарын айқындап, оны тың арнаға, жаңа сапаға жеткізу қажеттілігін міндеттейді. Білім мазмұнын байыту, оқыту үрдісін жетілдіру, инновациялық технологияларды өмірге әкелу, жан-жақты дамыған, рухани жетілген жас ұрпақты қалыптастыру – өз шешімін қажет ететін, кезек күттірмейтін мәселе болып отыр. Осыған сәйкес қазіргі таңдағы білім беру мақсаттары мүлде жаңа арнаға бет бұрып, білімпарадигмасы да өзгерді.

Бүгінгі білім беру жүйесінде Д.Дьюи атап өткендей, «үлкен өзгерістер басталуда». Ол мағызы жағынан Н.Коперниктің жаңалығына тең болып отыр, яғни жас ұрпақ тұлғасы орталыққа айналып, барлық педагогикалық әрекеттер оның айналасына шоғырландырыла жүргізіледі.

Соған орай, елімізде жаңадан білім стандартының жасалынуы инновациялық технологиядан іздену, білім мазмұнын байыту, әлемдік білім кеңістігіне ену мақсатындағы жұмыстар сол өзгерістің куәсі.

Қоғамның өмір сүруі мен даму үрдісінде білім маңызды орын алады. Өйткені, қоғамның өндіргіш күштері, қоғамды ары қарай дамытушы да, қалыптастырушы саналы да, парасатты, интеллектуалды ұрпақ.

Интеллектуалды ұрпақ тәрбиелеудің негізгі ордасы білім беру мекемелері. Оған бала бақшадан бастап, мектеп, колледж және жоғарғы оқу орындарының жинақталған білім мен мәдени құндылықтар арқылы оқытуға мүмкіншілік беріп отыр.

Білімнің қоғамдық, әлеуметтік өмірдегі ерекше сала сипатына ие болу кезеңі білім мен әлеуметтік тәжірибені ұрпақтан-ұрпаққа өткізу процессі қоғамның тіршілік әрекеттерімен өз алдына бөлініп және тәрбие мен оқуды іске асыратын арнайы кәсіби адамдардың пайда болу дәуірінен басталады.Дегенмен, мәдениетке құралық ету әлеуметтену мен тұлға дамуының қоғамдық құрал-тәсілі ретінде білім азамат қауымының алғашқы қадамдарымен бірге өмірге еніп, еңбек әрекеттері, ойлау мен тіл дамытумен бірлікте шексіз өркениет жолында өз өрісін тауып келеді.

Жалпы білімдік бағдарламалардың міндеті - тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыру, жеке адамды қоғам өміріне бейімдеу, кәсіби білім бағдарламаларын саналы таңдау мен игеру негіздерін қалау.

Жоғарғы білім беру бағдарламалары –жоғарғы және жалпы білімдік деңгейлерді бірізді көтеру міндеттерін іске асыруға, белгілі талаптарға сәйкес мамандар дайындауға бағытталған.

Заманауи білім жүйесінің аса бір көзге түсетін ерекшелігі – білім жүйесін басқарудың мемлекеттік формасының мемлекеттік-қоғамдық формаға біртіндеп ауысуы, мұндай басқарымның мәні – білім проблемасын мемлекет пен қоғам мүдделеріне үйлестіре жасау үшін осы 2 жүйенің бірлікті күш-қуат жұмсау қажеттілігі.

Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы шын мәніндегі басты жаңалық пен жақсылықтың нышаны болды. XXI ғасыр деңгейінде білім беру мен кәсіптік даярлау тақырыбы - Жолдаудың басты бөлімдерінің бірі. Жолдауда “Қазір бой жарыстаратын емес, ой жарыстыратын заман” деп Елбасымыз айтқандай, дарынды, білімді ұрпақ еліміздің ертеңі екені даусыз Елбасының Жолдауы көзі қарақты, көкірегі ояу, ел болашағын ойлайтын әр ұстазға үлкен жауапкершілік жүктейді.

Демек, заман талабына сай бәсекеге қабілетті жас ұрпақты тәрбиелеуде, студенттерге қажетті білімді меңгертудің тиімді жолдарын, әдіс-тәсілдерін талмай іздеу – жоғарғы оқу орындарындағы әрбіроқытушының міндеті. Әрбір оқытушы өз жұмыс тәсілі мен формасын, өз педагогикалық технологиясын таңдай отырып, білім алушылардың білімін жетілдіру бағытында жұмыс істеу керек. Осыған байланысты әртүрлі әдістерді қолданудың қажеттілігі туындайды.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің құрылымдарында оқытудың айқындалған көптеген технологияларын пайдаланып жатқандығы белгілі. Болашақ маманға тәжірибе беруде ақпаратпен жұмыс істеу әдістеріне, жаңа білімдерді құру әдістеріне, ең маңыздысы - әлемнің дамуы туралы білімдердің қажетті деңгейін қалыптастыратын әдістерге үйрету.

Сондықтан әрбір оқытушыға және студентке "оқыту" мен "үйрену" процестерін игеру үшін 3 тілді меңгеруі қажет: ана тілін, ғылым тілін және технология тілін. Сонымен технология көмегімен білімдерді, іскерлікті, дағдыларды игеру процесінде тұлғалық қасиеттің дамуында нәтижелі шешімге жету мүмкіндігі қамтамасыз етіледі.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында әлем қауымдастығының басқа да елдердегідей білім беру жүйесін жаңарту және дамыту мақсаттарында ұланғайыр дамыту шаралары қолға алынып жатыр. Қазақстан Республикасы әлемдік бірлестікке кірген заманда білімнің рөлі мен маңызы артты. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» Жолдауында «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі» деп атап көрсетуі педагогикалық үрдістің сапасын үнемі арттырып отыруды талап ететіндігін көрсетеді.

Студенттер қауымы қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше жан-жақты сауатты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік және көптеген адами қабілеттің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Оқыту мен тәрбиелеуге тың әдіс-тәсілдер енгізілді. Нәтижесінде тұтас педагогикалық үрдістер өзгертіліп, білім берудің тиімді деп танылған жаңа технологиялары дүниеге келеді.

Оқыту-арнайы танымдық іс-әрекет. Ол – негізгі ойдың, ақылдың жұмысы. Оқыту арқылы балаға қоғам өзінің ғасырлар бойы жинаған асыл мұрасын, дағды, тәжірибесін береді. Оқыту процесінің жүйелі, түсінікті, нақты қалыптасуы танымдық іс-әрекеттің маңыздылығын арттырады. Олай болса, “Білімдендіруді жүзеге асыратын-мұғалім”, – дейді Ж. Аймауытов.

Ендеше, студенттерді тиісті білім жүйесімен, іскерлікпен, дағдымен қаруландырып қана қоймай, олардың танымдық, шығармашылық қабілетін дамытады[5;33].

Егіменді еліміздің оқу орындары, педагогикалық ұжымдар ұсынылып отырған көп нұсқалыққа байланысты қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әр түрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген оқыту технологиялары оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерешеліктеріне қарай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор.

Заманауи жағдайындағы білім беру жүйесінің арттырудың тәсілдері:

1) білімді адамиластыру (гуманизациялау);

2) оқуды үздіксіз жүргізудің бағыт-бағдары

3) оқыту мен білім берудің жаңа озық технологияларын жүзеге асыру;

4) білім беру технологиясындағы пәнаралық бірігім-байланыстарды (инеграция) іске асыру;

5) оқу процесін компьютерлестіру және технологизациялау;

6) білім берудің ақпараттандыру формасынан проблемдік, ғылыми ізденіс, оқушылардың өзіндік жұмыстарын кең қамтитын оқудың белсенді әдістері мен формаларына өту;

7) оқу желісінде мұғалімнің оқыту жұмыстарынан гөрі оқушылардың танымдық іс-әрекеттеріне көбірек мән беру;

8) білім беру мен оқыту үрдісінде жеке тұлғаның шығармашылық мүмкіншілігіне жол беру, өзбетінше іздену, ғылыми жұмыспен айналысуына бағыт сілтеу;

9) оқу-танымдық процесін ұйымдастыру мен сол процесті басқаруда жоспарлы қадағалау, қатаң бағдарластыру тәсілдерінің орнына оқудың дамытушылық, белсенділік, жеделдестіру мүмкіншіліктерін мейлінше тиімді жолдарымен пайдалану;

10) білімнің дамытушылық және азаматтық баулу қызметтерін назарда ұстау, Қазақстан мектебінің 2010-2015 даму бағдарламасындабелгіленген аса маңызды мәселе – азаматтық, дербестік, жеке жауапкершілік, қоғамға қызмет ету құндылығын түсіну, демократиялық қоғам құру проблемаларын шешуде ынтымақ сезімін тәрбиелеу.

Қазақстан Республикасының Елбасы Н.Ә.Назарбаев бүгінгі еліміздің өзінің дербес даму жолын таңдап, әлемдік қоғамдастықта барған сайын зор құрмет пен беделге қол жеткізген, әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына енуге қадам басып отырған мемлекет екендігін дәлелдей келе, «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты жолдауында (28 ақпан 2007 жыл): «Біз әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз керек» - деп Қазақстанның барлық білім және ғылым саласына үлкен міндет жүктеді.

Бұл қазіргі педагогикалық теория мен оқу-тәрбие процесінің практикасында өзіндік мәні бар өзгерістермен байланысты болатыны мәлім, бірақ та болашақ ұрпақ алдынан туындайтын қарапайым білімді меңгеруінен де күрделі өлшеусіз талаптардың туындағанын уақыттың өзі.

Қорыта келгенде, білім – салыстырмалы дербес жүйе. Оның қызметі – нақтылы ғылыми біліктерді, идеялық-ізгілік құндылықтарды, ептіліктер мен дағдыларды, әрекет-қылық нормаларын игеруге бағытталған қоғам мүшелерінің тәрбиесі мен оқуын іске асыру. Ал, бұлардың бәрінің астарында болатын мазмұн нақты қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылымы мен оның материалды-техникалық деңгейімен айқындалып барады.Білімнің жеке тұлғалық құндылығы әрбір адам үшін өз алдына бөлек. Әсіресе, бұл өзіндік білім, оның деңгейі мен сапасында көрінеді.